

«МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» атты

іс-шарасы болып өтті.

Келес ауданы, Білім бөліміне қарасты

"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі"КММ

Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар
мен ата - аналар!

Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты,
мереке – Білім күнімен құттықтаймыз! 1

қыркүйек барша халықтың, әсіресе
балалардың көптен күтетін мерекесі!

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және
жаңа оқу жылының басталуымен шын
жүректен құттықтаймыз. Сіздерге бүгінгі
ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй,
жаңа жетістіктер мен шығармашылық
табыс, мықты денсаулық және жаңа
бастамаларда тек қана сәттілік тілейміз!



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
Қазақстан Республикасының Тілдер күні
мерекесіне арналған «Мәңгілік ел-мәртебелі
тіл» атты тілдер апталығының салтанатты
түрде ашылуы өтті.

Мақсаты: оқушыларға ана тілін білудің
маңызын түсіндіру, ана тілі туралы
жазылған ақындардың өлеңдерін мәнерлеп
оқи білуге дағдыландыру, ана тілін
құрметтеуге тәрбиелеу.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қыркүйек айының 8 күні дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 4-11 сынып оқушылары арасында денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін және салауатты өмір салтын сақтай білудің маңыздылығын түсіндіре отырып, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында "ДЕНЕ СЕРГІТУ" тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. "Дене сергіту челленджі мектебіміздің дене шынықтыру пәні мұғалімдері белсене қатысты. Республикалық челлендж бейнеролигі.



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
08.09.2023ж.күні 1"А", "Ә" сыныптарының
жетекшілері Г.Туребекова, Ұ. Дауреновалар
"Абайлаңыз балалар" атты іс-шара өткізді.
Мақсаты:оқушыларды жолда жүру
ережесімен таныстыру және жол
ережесінің белгілерін мұқият түсініп білуге
үйрету. Жолда жүргенде бағдаршам
қызметін дұрыс пайдалануға
дағдыландыру.



2023 жылдың 11-12 қыркүйек күндері
Түркістан облысында "Жер-2023"
Республикалық командалық-штабтық
оқу-жаттығуы жоспарланған.

Жоспарға сәйкес "№25 С.Сейфуллин
атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"
КММ-ның оқу-жаттығу жоспарына сәйкес,
11 қыркүйек күні сағат 10:00 де
мектепішілік "Баршаның назарына!"
құлақтандыру дабылы іске қосылып,
мектеп бойынша жалпыға бірдей
сейсможаттығуы өткізілді.



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінде

11.09.2023 ж. күні

5-7 сынып оқушыларына

сынып жетекшілері Ж.Дүйсенова,

М.Кұрымбаева жол қауіпсіздігінің алдын -

алу мақсатында "Жолда жүру ережелерін

білесің бе?" атты ашық тәрбие сағатын өтті.

Жол ережелері туралы оқушыларға кеңінен

түсіндірді және мектепке келуі, кетуі

кезіндегі жол қауіпсіздігі, жол белгілері,

бағдаршам жайлы түсіндірме жұмыстарын

жүргізді.



Келес ауданының білім бөліміне қарасты №25 Сакен Сейфулин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 7-11 сынып ұлдары арасында ұлдар жиналысы өтті. Мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Илесов 2023 -2024 жаңа оқу жылының ұлдарға мектептің ішкі тәртіп ережелерін таныстырып, оқушылардың сабаққа қатысуын, қарым-қатынас мәдениетін, мектеп мүлкін сақтау мен ұялы телефонды қолдану тәртібі туралы айтып өтті. Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану жайындағы ұсыныстарымен жалғасты. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік берілді.



№25 С.Сеифуллин атындағы ЖОБЫМ
2023-2024 оқу жылына жоспарланған "Төрт
тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени
ағартушылық жобасын іске асыру
мақсатында "Ақындар айтысы" жас
ақындардың мектепішілік кезеңі өткізілді.
#1ТОҚСАН
#АҚЫНДАРАЙТЫСЫ,



2023 жылғы 16 қыркүйек еліміздің барлық аумақтарында өтіп жатқан жыл сайынғы "Дүниежүзілік тазалық күні" және сонымен қатар келген "Kieli Tabigat" экологиялық акциясы аясында №25 С.Сефуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Былхиева Гулжамал Бахтиярқызы бастаған ұжым сенбілікке шығып, мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді.



№25С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
20.09.2023ж "Өз балаңа үлгі бол!" деген
тақырыбында жалпы мектепшілік
ата-аналар жиналасы болып өтті.

Жиналыс барысында мектеп директоры
Г.Былхиеваның баяндамасы тыңдалып,
өткен оқу жылының қорытындысымен
жаңа оқу жылындағы мақсат
міндеттерімен таныстырды. Мектеп
психологы Д.Қожасова ата-аналарға бала
тәрбиесіндегі ата-ана рөлінің
маңыздылығын атап, ақыл-кеңестер берді.
"Ата-аналар академиясы" құрылып,
төрағасы сайланды. Алдағы уақытта
мектеп ,оқушы, ата-ана үштік одақ
жұмысын жандандырып нығайту
жұмыстары жүргізу жоспарланды.



№25С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
20.09.2023ж 7 "в" сынып тың ата-аналар
жиналасы болып өтті. Сынып жетекшісі:
Ануар Сандуғаш

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата –
ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру,
тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін,
олардың бала тәрбиесіндегі
мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен
жақсы қарым - қатынас орнату, бала
тәрбиесіне көп көңіл бөлудің
маңыздылығын ашу. Жиналыс жаңа
форматта болып өтті. Түрлі әдіс-тәсілдер
қолданылып, жиналыс жоғары деңгейде
өтті.

№25.С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ 8-11 сынып қыздар арасында "Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі" тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті.

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту.



18.09.2023ж. күні мектебімізде Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына "Мектеп - парламент" білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде 2023-2024 оқу жылында Мектеп Парламенті құрылды.

Алғашқы қадамымыз 18 қыркүйек күні "Президенттікке сайлау" өткізілді. 230 оқушы дауыс беріп, нәтижесінде 10 "Ә" сынып оқушысы Идирис Диас мектеп президенті болып сайланды.

Сонымен қатар өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сайланды:

- 1.Спорт фракциясы - Е.Абдулла;
- 2.Ақпарат фракциясы- Б.Ержан;
- 3.Өзін-өзі басқару - А.Құттыбай;
- 4.Дебат қозғалысы- А.Қаржау;
5. Құқық және тәртіп фракциясы-Д.Қарабай;
- 6.Мәдениет фракциясы- А.Қуандық;
- 7.Экология фракциясы-Ұ.Абдуғаппар;
- 8.Қамқорлық фракциясы-Е.Тұрап;



Мектеп кітапханасы жыл басынан оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстар жүргізуде.

Абай атамыз «Ілім білімнің сарқылмас қазынасы» осы кітапта деген екен. Біз өмірге келгеннен бастап осы күнге дейінгі үш құндылығымызды білүміз қажет. Ол білім, ғылым және өнер. Ал осы құндылықтардың қыр –сырын түсінуге қол ұшын беретін әр түрлі жаңалықтар мен ақпараттандыратын орталық ол әрине кітапхана.

№ 25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасы кітапқа қызығушылығын ояту мақсатында 2-сынып оқушыларымен бірге кітапханаға саяхат жасап, оқу сағаты ұйымдастырылды. Кітапханадағы оқу залы, көркем әдебиеттермен, оқулықтармен, көрмелермен таныстырды. Оқушылармен естелік суретке тусті.



№25. С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
02.10.2023ж. күні "Ұстазы жақсының -
ұстамы жақсы!" тақырыбына орай
мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының
бастамасымен ұйымдастырылып, №23. "1 -
Мамыр" жалпы орта мектебіне челлендж
жолданды.

Әрі қарай ұйым мүшелері сапалы білім мен
саналы тәрбиені жас ұрпақтың бойына
сіңіріп жүрген ұстаздар қауымына құрмет
көрсетілуімен жалғастырды.

Челлендж әрі қарай да өз жалғасын
табады.

Челленджді ұйымдастырушылар: ДТЖО
Н.Илесов, мектебіміздің педагог
ұйымдастырушысы А.Абдирахманова, аға
тәлімгері Г.Бултакова.



Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар...

Бүгін Мұқағали жырына арқау болған
ақылы дария қарияларымыздың
халықаралық мерекесіне орай √25
С.Сейфуллин мектебінің 7 " в" сынып
оқушылары , сынып жетекшісі Ануар
Сандуғаш апайымыз ауылымыздың
қариясы Рабиға апамызды мерекемен
құттықтап, алғыстарын алып қайтты .

Мақсаты:

Оқушылардың бойына халқымыздың
қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге,
өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және
аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.



№25. С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
02.10.2023ж. күні 3 -"б" сыныбы, жетекшісі
Канаева Шариза апайымыз "Қарттарым -
қазынам!" атты тақырыпта ашық тәрбие
сағатын өтті.

Сонымен қатар 7-"а" сынып оқушылары
мен сынып жетекшісі Бултакова Гульнур
апайымыз "1- Қазан - қарттар күні"
мерекесімен ардагер ұстазымыз
Қыдырбаева Бағила апайымызды
құттықтап қайтты.

Қазыналы қарттарым,
Түспесінші көңілің.
Алла жар боп қашанда,
Ұзақ болсын өмірің.
Қарттардың бұл күнінде,
Көңіліңіз жайнасын.
Аман болып қарттарым..

Мақсаты: Үлкенді
сыйлау, оларға құрмет көрсету –
ата-бабадан келе жатқан салтымыз.
Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен
ақыл-кеңестеріңіз, тағылымды
тәрбиелеріңіздің біз үшін орны бөлек.
Себебі: әрқайсыларыңыздың еліміздің
өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңіз бен
еңбектеріңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп,
ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Қазіргі
таңда еңбектеріңіздің зейнетін көріп

◆ “Ұстаздар күні” мерекесіне орай,
№25.“С.Сейфуллин” атындағы ЖОББМ
Өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру,
тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу
және білім алушылардың
ұйымдастырушылық қабілеттерін іске
асыру мақсатында “Дублер күні” өткізілді.
Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп
оқушылары ерекше қызығушылық
танытып, белсенді ат салысты.Дублер күні
оқушылар сабаққа ынта-ықыласпен
дайындалып түрлі тәсілдермен тәжірибелер
көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын
қызықтыра білді.



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ

5 қазан - Ұстаздар күні мерекесіне орай 5-11 сынып оқушылары арасында үш тілде (қазақ,орыс,ағылшын) "Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында өлең оқудан сайыс болып өтті.

Мақсаты: оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. 5 қазан - Ұстаздар мерекесін атап өту.

Сайыс қорытындысы бойынша үздік оқыған оқушылар марапатталды.



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
05.10.2023 ж.күні 7-11 сынып оқушылары,
ұстаздар мерекесімен мектебіміздің барша
ұстаздарын құттықтап, марапаттап,
көтеріңкі көңіл- күй сыйлады.

Мақсаты:

Мұғалім – мектеп үшін жаралған, бар
ғұмырын балаға арнаған жан! Шәкіртінің
қабілет дарынын ашу, келешекке жетелеу –
әрбір ұстаздың мейірлі де мерейлі ісі.
Шәкірт жүрегіне жол таба білу екінің бірінің
қолынан келмесі анық.

«Ұстаз» атты ұлы есім қашанда кісілік
келбеті жоғары сан мыңдаған шәкірттерге
үлгі – өнеге, білім – тәрбие беретін, ізгілік
нәрін төгетін ерен еңбектің иелері. Қай
қоғамда да, ұстаз құрметті орындардың
төрінен табылады. Осындай құрметті
мамандықтың иесі болған ұстаздар
қауымына шексіз ризамыз,мерекелеріңіз
құтты болсын!!!



14-25 С.Сейфуллин атындағы ЖООБЫ

12.10.23ж 9-11 сынып оқушылар арасында
"Жаңа күн- Жаңа Қазақстан" тақырыбында
дебат өткізілді.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына
саласы жетік, адами құндылықты жанына
серік еткен, айналасына сын көзбен қарап,
қоғамдық өмірге белсене араласатын
жастардың жаңа буынын қалыптастыру.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

12.10.2023ж. күні мектебіміздің акт залында 7-11 сыныптар арасында қыздар жиналысы болып өтті.

Жиналыс барысында мектебіміздің директоры Г.Былхиева "Қыз бала қандай болу керек?" тақырыбында, сонымен қатар жалпы мектепішілік тәртіп, мектеп формасы, инабаттылық, кішіпейілділік жайлы талқылады, және де мектебіміздің сенім жәшігі жайлы айтып өтті.

Көптеген толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, ой бөлісті.

Жиналыс сырласу түрінде өтіп, оқушылар жақсы көңіл-күймен тарқасты. Қыздар өз пікірлерімен бөлісе отырды.

Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып ,қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына ,тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру , олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру. Жиналыста мектептің психологы Ж.Халикова оқушылармен пайдалы кеңестерімен бөлісті.



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ



Құтты болсын!

"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕМІЗ – РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!!

Құрметті қауым!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – 25 қазан Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Отанымыз тәуелсіз Қазақстанның халқына бақ-береке берсін!

Республика күні – еліміздің игілігі, баға жетпес құндылық. Сол себепті бұл күннің мән-маңызын жас ұрпаққа көбірек дәріптеп, ұлттық рухты асқақтататын, айбынымызды асыратын іс-шаралар ұйымдастырып, жоғары деңгейде атап өтуіміз шарт. Себебі дана халқымыз айтқандай, «Отан отбасынан басталады». Отанымызды шын сүйіп, елімізге адал қызмет етуді нәсіп етсін!

Еліміздің егемендігін баянды етіп, халқымызға амандық, жерімізге тыныштық бергей! Ізгі тілекпен мектеп директоры Былхиева Гулжамал Бахтияровна!

Келес ауданының білім бөліміне қарасты №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Жалпы ұлттық "Қыран елім-Қазақстан!" патриоттық акциясы аясында және "Тоғыз айға-тоғыз іс-шара" жобасы аясында Мемлекеттік Әнұранды бір мезетте оқушылармен орындау чөлөнджі.

Мақсаты: Оқушылардың өз ұлтының құндылығын сақтап, тек қана өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеу.

Республика күні құтты болсын!!!



"№25С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

23.10.2023 ж. күні мектебіміздің 1-11 сыныптар аралығында

25 қазан - Республика күніне орай

"Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!" атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты:

1. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
2. Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.
3. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ

23.10.23ж 25 қазан Республика күніне орай
1-4 сынып аралығында "Әлем балалар
көзімен" атты іс-шара өткізілді.

Оқушылар Республика күніне арнап
суреттер салып, ел, жер туралы өлең
жолдарын жатқа айтып, сынып сағатына
белсене қатысты.

Мақсаты: Ұлттық мереке 25 қазан
Республика күнінің маңыздылығын
түсіндіру, жас ұрпақты Отанын сүйуге,
елміздің рәміздерін қастерлеуге бай-қуатты
ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған
еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі

24.10.2023ж. күні мектебіміздің 7,8,9,10,11
сыныптар арасында 25 қазан -

Республика күніне "Менің Отаным -
ҚАЗАҚСТАН!" атты тақырыпта мерекелік
іс-шара болып өтті.

Мақсаты:оқушыларды туған жерін, туған
елін, халқын ардақтап өтуге үйрету.

Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған
Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.
Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

02.11.2023ж.күні мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар бойынша "Ғылыми жоба"байқауы болып өтті. Қатысушы өз жұмысын тек бір секцияда ғана қорғай алады. Зерттеу жұмысын қорғау кезінде тақырып таңдаудағы өзіндік дәрежесі және зерттеудің жүргізілуі бағаланады, шығармашылық ізденіс, мәселенің терең талқылануы, сұрақтарға берілген жауаптар қаралады. Жеңімпаздарды қазылар алқасы анықтайды.

Мақсаты:

- 1.Байқау оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарын өз еркімен меңгертуге;
- 2.Баланың ғылыми зерттеу жұмыстарына деген белсенділігін арттыру.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

06.11.2023 ж.күні мектеп директоры
Г.Былхиеваның бастауымен Қазақстан
Республикасының Әнұранын
орындауымен бастады.

Сонымен қатар мектептің медбикесі
М.Ерназарова, мектептің педагог
ұйымдастырушысы Г.Бултакова, мектептің
аға тәлімгері М.Сулеевалар болып
сыныптың


тазалығын, тәртібін, формасын, оқушы санын
түгелдеп, тексеру жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: балаларды Отанын, туған
өлкесін, Қазақстан Республикасының
рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі 10.11.2023 ж. күні 10-11 сыныптар аралығында "Жас өспірімдердің интернеттегі мінез құлқы және қарым қатынасы" тақырыбында дебат өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өз ойларын тұжырымдап айта білуге, жан жақты іздене білуге, өз пікірін фактілер келтіре отырып, жүйелі айтуға және пікірін дәлелдей білуге дағдылау, оқушыларды тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі 10.11.2023 ж. күні 10
-11 сыныптар аралығында

"Жас өспірімдердің интернеттегі мінез
құлқы және қарым қатынасы"
тақырыбында дебат өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өз ойларын
тұжырымдап айта білуге, жан жақты іздене
білуге, өз пікірін фактілер келтіре отырып ,
жүйелі айтуға және пікірін дәлелдей білуге
дағдылау, оқушыларды тапқырлық,
ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру.

№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде 14.11.2023ж.күні
Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ

Полиция майоры Сарсенов Мурат ,
полиция капитаны Алдабергенов Мухиддин,
ДТЖО Н.Илесовтардың ұйымдастыруымен,
құқық бұзушылықтың алдын алу
мақсатында 8 -11 сыныптардың ұлдарына
түсіндірме жұмыстары болып өтті.

Мақсаты:

Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет көрсете білу
және кешкі уақытта көшеде беймезгіл
жүрмеуін түсіндіріп өтті.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы ЖОББМ
16.10.2023ж.күні мектебімізге Келес ауданы
прокуратурасының прокуроры М.Әмірайым,
АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция майоры
М.Сәрсенов, полиция капитаны
М.Алдабергенов, мектеп директоры
Г.Былхиевалар болып 8 -11 сынып
оқушыларына "Нашақорлық, темекі шегу
мен мас күнемдік деген не және оқушыны
мұндай іс-әрекетке жетелейтін қандай күш?
тақырыбында оқушыларға салауатты өмір
салтын ұстануға қолдау көрсету
мақсатында түсіндірме жұмыстары
жүргізілді.Кездесу барысында сынып
оқушыларымен адам өміріндегі ең басты
құндылықтары талқыланды.
Оқушыларға алкогольге, есірткіге және
компьютерлік ойындарға тәуелділікті
тудырмаудың алдын алу үшін түнгі
мезгілдерде рейдтік іс-шара жұмыстары
жүргізілетіндігін ескертіп өтті.



№25" Сакен Сейфуллин " атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде, дене шынықтыру пән бірлестігі, Асық ату Бес асық челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 17.11.2023ж.күні 8,9,10 сыныптар бойынша "Күз ханзадасы мен күз ханшайымы - 2023" атты байқауы болып өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша "Бас жүлде" иегері атанған 10 "а" сынып оқушылары Жалал Бексұлтан, Омар Шахризада, I орынға ие болған 8"б" сынып оқушылары Базарбай Айқын, Идирисова Әсель, II орынға ие болған 9"ә" сынып оқушылары Бақыт Сержан, Оспан Айтжамал, III орынға ие болған 9"а" сынып оқушылары Ерухан Азамат, Мақсум Қаршығалар жүлделі орындарға ие болды. Мақсаты:оқушылардың тапқырлығын,шеберлігін бақылау. Сайысқа деген қызығушылығын,ынтасын арттыру.Ұйымшылдыққа,өз ойларын ортаға салып көрсете білуге,табиғатты сүюге тәрбиелеу.



Түркістан облысы, Келес ауданы
№25 С.Сейфуллин жобб мектебінде
бастауыш сынып бірлестігінің онкүндігінің
жоспарына сәйкес математика апталығы
басталды. Жоспар түзіліп, бекітілді.
Бірлестік жетекшісі З.Алиаскарованың
ұйымдастыруымен мұғалімдер жоспарға
сай ашық сабақ, сайыс сабақтарын өз
дәрежесінде өткізді. Сабақтар жоғары
деңгейде өтті. Бірлестік мүшелеріне
шәкіртке білім мен тәрбие беруде ізденуден
жалықпаңыздар дегім келеді.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

21.11.2023ж. күні 6 -7 сыныптар бойынша "Күз ханшайымы- 2023" атты байқауы

болып өтті. Байқаудың нәтижесінде 6 "ә" сынып оқушысы Шәміл Назым бас жүлдеге иегер болды.

Мақсаты:

1. Әр-бір оқушының бойындағы қасиеттерін ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.

2. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ қызының қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.



+4

№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде бастауыш сыныптар бойынша "Алтын күз" атты ашық тәрбие сағаты болып өтті.

Мақсаты: оқушыларға табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту. Достық қарым-қатынасқа, табиғатқа деген қамқор көз қарасқа тәрбиелеу. Ұйышылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу. Тәрбиелік мәні мен маңызы ашылған сабақ өз деңгейінде өтті.



Келес ауданының білім бөлімінің
22.11.2023ж.№230-19/02-03/1379 санды
хатының негізінде
№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінде "Дүниежүзілік
балаларды қоғау күні: балаларға арналған
өмір" атты республикалық онкүндік іс-шара
ұйымдастырылды.

"Күндей күлген анамның, баласы болып
қаламын!" атты тақырыбында 2 сыныптар
арасында бақытты балалық шақ
бейнеленген сурет байқауы болып өтті.
Мақсаты: Отбасы құндылықтарын
ұғындыру.



№25 "С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
"Дүниежүзілік балаларды қорғау күні:
балаларға арналған өмір"атты
республикалық онкүндік іс-шара жоспары
бойынша, "Балалар игілігі үшін"
тақырыбында өткізілген қайырымдылық
акциясы ұйымдастырылып 2 оқушыға
сыйлық берілді.

Мақсаты: білім беру ұйымдары
тәрбиеленушілерінің арасында жәрмеңке
өткізе отырып, оқушылардың эмпатиялық
сезімдерін нығайтып, мейірімділікке
тәрбиелеу.



№25 "С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ
24.11.2023 ж.күні "Дүниежүзілік балаларды
қорғау күні: балаларға арналған өмір" атты
республикалық онкүндік іс-шара жоспары
негізінде 5-11 сынып оқушылары арасында
"Бала құқығы - асыл қазына" атты
тақырыпта эссе байқауы болып өтті.

Мақсаты:

Балалар өз құқықтары жайлы тереңірек
біліп, дәріптеп, грамматикалық сауатты
жазуға үйрену.



№25 "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 5-11 сыныптар бойынша "Оян, ар мен адалдық" атты тақырыбында 8"а" сынып жетекшісі М.Утебаева, 7"ә" сынып жетекшісі

М.Курымбаевалар тәрбие сағатын өтті.

Мақсаты:

Қазақстан мамлекеттігін нығайтуға ат салысу. Өзін, отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. Дұрыс қарым-қатынас орната білу.



№25 С.Сейфуллин атындағы ЖОББМ

"Дүниежүзілік балаларды қорғау күні:балаларға арналған өмір" атты республикалық онкүндік іс - шара негізінде 9-11 сынып оқушылары арасында "Мен және менің құқығым" атты тақырыпта дебат сайысы болып өтті.

Мақсаты: Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру. Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 9 -11 сынып оқушыларына мектептің педагог ұйымдастырушысы, мектеп медбикесі, мектеп психологы, мектеп тәлімгері жылдық жұмыс жоспарына сәйкес "Халықаралық темекіге қарсы күрес" атты тақырыпта жиналыс өтілді.

Мақсаты: өркениетті елдің әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болуы үшін шылым шегуден жиреніп, денсаулыққа, болашақ ұрпаққа зиян екендігін ұғындыру.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бойынша тәрбие жөнінде орынбасары Лесбаева Жадырагүл апайымыздың 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар бойынша "Бақытты бала - бейбіт елдің тірегі" атты тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті.

Мақсаты:

Оқушылардың бойына отбасына деген сүйіспеншілікті ұялата отырып, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты, тәрбиенің алтын қазығы өзі туған ұясы екенін ұғындыру.







№25 "С.Сейфуллин" атындағы ЖОББМ
"Дүниежүзілік балаларды қорғау күні:
балаларға арналған өмір" республикалық
онкүндік іс-шара жобасы аясында "Мен
бақытты баламын!" атты тақырыбында 1-4
сынып оқушылары арасында спорттық
сайысы болып өтті.

Мақсаты:

1. Оқушылардың денсаулығын,
белсенділігін нығайту, ептіліктерін,
шапшаңдықтарын, батылдықтарын,
күштіліктерін байқау.
2. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
Салауатты өмір салтын насихаттау



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
Келес ауданы білім бөлімінің хатына сәйкес
«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн»
іс-шара жоспары негізінде «Біз
зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты
ұранымен мектеп парламенті
ұйымдастыруымен 6-7 сынып оқушылары
арасында іс-шара ұйымдастырылды. Бұл
іс-шарада оқушылар флешмоб биін биледі.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебіміздің акт залында 9-11 сыныптар арасында "Тазалық денсаулық кепілі" атты тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында қыз бала қандай болу керек, жалпы мектепішілік тәртіп, мектеп формасы, инабаттылық, кішіпейілділік сияқты тақырыптар талқыланып, қыздарымызға мектебіміздің медбикесі М.Ерназарова баяндама оқыды. "Қыздар қандай болуы керек?" тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, сенім жәшігі және сенім телефондары жайлы айтылды. Мектебіміздің педагог психологы Ж.Халикова көптеген толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, ой бөлісті.

Мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс - қимыл, жүріс - тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан - жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.

№25"С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
"Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн"
республикалық науқаны аясында
06.12.2023ж.күні 5-6 сыныптар бойынша
"Бақытты отбасы балалар көзімен" атты
тақырыбында оқушылардан шығармалар
алынып, психологиялық тренинг өткізілді.
Сонымен қатар оқушыларға
зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг
туралы ақпараттандыру жұмыстары
жүргізілді.

Мақсат: жасөспірімдер арасындағы
зорлық-зомбылық тың алдын алу,
оқушылардың бойына адамгершілік,
мейірімділік қасиеттерін дарыту.



№25 "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес 1 - 11 сыныптар бойынша "Тарих пен тіл тамырлас" атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтілді.

Мақсаты:

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Білуге, жаңаны тануға құштар болу. Халқына адал қызмет ету.



Түркістан облысы Келес ауданы білім бөліміне қарасты
№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік" жобасы аясында 8 - 11 сынып оқушыларына зорлық- зомбылықтан қорғау,суицидтің алдын алу тақырыбында профилактикалық іс- шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылар арасында зорлық- зомбылықтың алдын алу ,өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім орната отырып, бүгін мен болашаққа деген жауапкершілігін қалыптастыру.




№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес

5-11 сыныптар бойынша «Мен -еріктімін» атты іс-шарасы болды. Мақсаты: оқушыларға «ерікті» деген сөзге ұғым беру, мұқтаж адамдарға мейірімділік пен жанабарлық сезімін көрсету,ерікті қызметке қатысуға қызғушылықтарын ояту. Волонтерлар жасаған жақсылықтары үшін өтемақы немесе материалдық қажеттілік талап етпейтінін түсіндіру.

Бүгін таңертең
мектепке ертерек
келіп классты
тазаладық✅



№25 " С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бойынша тәрбие жөнінде орынбасары Лесбаева Жадырагүл апайымыздың ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына орай 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен

«Көктудың желбірегені» тақырыбында мектепте сурет байқауы мен көрмесі өткізілді.

Оқушылар сурет байқауына берілген тақырыпқа сай суреттер салып, ойларын ашық жеткізіп, жұмыстарын қорғады. Талапқа сай салынған сурет авторлары марапатталды.

Мақсаты:

1.Оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Патриоттық сезімдерін ояту.

2.Сурет салу шеберлігі бар балаларды анықтау.

№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі

16 желтоқсан - Қазақстан

Республикасының Тәуелсіздік күніне орай
мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының
бастамасымен ұйымдастырылып, №26
Келес жалпы орта мектебіне челлендж
жолдады.

Челлендж әрі қарай да өз жалғасын
табады.

Челленджді ұйымдастырушылар: ДТЖО
Н.Илесов, мектебіміздің педагог
ұйымдастырушысы Г.Бултакова, аға
тәлімгері М.Сулеева.

[#БілімбөліміКелесауданы](#)



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 08.12.2023ж.күні мектебіміздің жоғары сыныптар бойынша тәрбие жөнінде орынбасары Н.Илесовтың ұйымдастыруымен

"Бір тұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарға сәйкес мектептің өзін - өзі басқару ұйымымен "Бейбітшілік пен келісім сабақтары" форматында мотивациялық кездесу яғни дөңгелек стол өткізілді.

Мақсаты:

- 1.Қазақстан мемлекетін нығайтуға ат салысу.
- 2.Сыныптың, мектептің, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 08.12.2023ж.күні мектептің жылдық жоспарына сәйкес 9-11 сыныптар бойынша "Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!" (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) атты тақырыпта спорттық жарысы болып,
I -орынға 10"а"сынып,
II - орынға 9"ә" сыныптары жүлделі орындарға ие болды.

Мақсаты:

- 1.Қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу.
- 2.Физикалық белсенді болу.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бойынша 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес 2"в" сынып жетекшісі Утелова Жадыра апайымыз "Ұлттық рух - Тәуелсіздік тірегі!" (Жеткіншектің Жеті Жарғысы Жобасы) атты тақырыбында ашық тәрбие сағатын жоғары деңгейде өткізді.

Мақсаты:

- 1.Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беру. Өткен тарихымызға деген ұлттық қалыптастыру және Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру.
- 2.Оқушыларды Отанды сүйуге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу.
- 3.Оқушылардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасатуға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру .



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі " Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдердің " Жас Ұлан" ұйымына қабылдау іс- шарасы болып өтті.

"Жас Ұлан " ұйымына 3-сынып оқушылары (3а ,3ә , 3б,) мүше болды. " Жас Ұлан " ұйымына қабылдау іс- шарасы мектеп ДТЖО Н. Илесов және педагог ұйымдастырушысы Г.Бултакова, мектептің тәлімгері М.Сулеевалар басшылығымен өтті. Іс- шара барысында республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдердің "Жас Ұлан " ұйымына қабылдау үшін салтанатты ант іс- шарасы өтті. Оқушылар ант қабылдап болған соң мектеп әкімшілігі басшылығымен мұғалімдер оқушыларды құттықтап , мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері галстуктарын тағып берді. Іс- шара соңында мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша тәрбие орынбасары Ж.Лесбаева құттықтап, оқушыларға оқуларында озат болуларымен қатар тәртіпті, тәрбиелі болу керектігін айтып өтті. Іс-шара мемлекеттік ән ұран орындалып, " Жас Ұлан" ұйымының туы сыртқа шығарылумен аяқталды .

"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"

Желтоқсанның 22-і күні мектебімізде "Қош бол, әліппе!" атты 1-сынып оқушыларының әліппемен қоштасу іс-шарасы болып өтті.

Оқушылар әріптер әлемімен толық танысып, келесі кезеңге қадам басты.

Бүлдіршіндерге сәттілік тілейміз! Алғаш мектепке келгенде бауырына басып әріп үйреткен ұстаздары

1"а" сынып жетекшісі Г.Туребекова,

1"ә" сынып жетекшісі Ұ.Дауренова

апайларымызға алғысымыз шексіз!!!



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Мектебіміздің 9 сынып бітіруші түлегі Серік Бақыт қазіргі таңда Астана қаласындағы халық қаһарманы, армия генералы Нұрмағамбетов атындағы "Жас Ұлан" Республикалық колледжінің студенті. 27.12.2023ж. күні мектебімізге келіп ұстаздарды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, 9-сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жасап кетті. Түсіндірме жұмысы барысында "Жас Ұлан" колледжінің тиімді тұстары мен оқуға қолайлы жағдайларымен таныстырып өтті.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2023жылдың 25-28желтоқсан аралығында "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты тақырыбында 1-11сыныптар арасында іс шара болып өтті.





 Бауыржан Алтыбаев



Нравится



Комментировать



Отправить



Поделиться



Білім ордасында қамқоршылық кеңес жұмысы белсенді жұмыс жасауда. Келес ауданы білім бөліміне қарасты N25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 09.01.2024ж. күні қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

 Білім ұйымында атқарылған жұмыстар туралы есеп берген мектеп директоры Былхиева Гулжамал Бахтияровна қамқоршылық кеңестің мектеп өміріндегі маңыздылығын атап өтті, сонымен қатар кеңес құрамына бірінші жарты жылдықта атқарылған жұмыстар туралы есеп берді, соның ішінде мектептің жылу жүйесі, бастауыш ғимаратының құрылысына мектебіміздің қамқоршылық кеңестің мүшелері мен қоса бақылау жүргізді. Бақылау барысында құрылысы аяқталған, оқу құралдары мен жабдықтары жеткізілген, жұмысшылар тиісті жұмыстарын атқарып жатқандығы бақыланды.

Үштік одақ жұмысы ,бес терек жобасы бойынша ,құқық бұзушылықтың алдын алу жайлы жұмыстарда қамтылды.Сөз соңында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар айтылып ,қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Қуанышбаев мырза оң бағасын беріп. жаксы тілектерін білдірді.

09.01.2024ж.күні мектебіміздің акт залында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында қыз бала қандай болу керек, жалпы мектепшілік тәртіп, мектеп формасы, инабаттылық, кішіпейілділік сияқты тақырыптар талқыланып, қыздар төрайымы Қосбаева Назерке "Қыздар қандай болуы керек?" тақырыбында баяндама оқыды.

Сенім жәшігі және сенім телефондары жайлы айтылды. Мектеп директоры Г.Былхиева көптеген толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, ой бөлісті.

Мектебіміздің педагог - психологы Кожасова Динара апайымыз "Ерте жүктіліктің, жасөспірім қыздардың денсаулығына зияны" тақырыбында баяндама оқыды.

Қыздар өз пікірлерімен бөлісе отырды. Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын-алу, қыздардың бойына имандылық, инабаттылықпен қазақи тәлім-тәрбие қалыптастыру.



№25"С. Сейфуллин" жалпы орта білім беретін мектебінде "Мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын арттыру" туралы тренинг, вебинар өткізілді. Мектепте қаржылық сауаттылықтың басты мақсаты – оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке, қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өзін және өзгелерді рухани - материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру"Қаржылық сауаттылық" не екендігін және оны күнделікті өмірде қалай пайдалануға болатындығын оқушыларға информатика пәні мұғалімі Сейдалиева Н.апай толығырақ түсіндірме жұмысын жүргізді.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні апталығында жоспарға сай 16.01.2024 ж. күні 10-11 сыныптар арасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің бірлестік жетекшісі Ф.Беккулова апайымыз "Сәкен - сыршыл да сырбаз ақын!" атты тақырыбына эссе жазу байқауын өтті. Мақсаты: жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаш ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиет апталығы өз жалғасын табуда. 18.01.2024ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Тасбауова Сауле апайымыз 7-9 сынып аралықта "Сәкен-сырлы, сырбаз, сұңқар, әрі композитор ақын" атты тақырыбында мәнерлеп жатқа айту сайысы болып өтті.

Сабақтың мақсаты:

1. Қазақ әдебиетінің алыбы С. Сейфуллиннің өмірі мен өлеңдерін қорытындылай отырып, оқушылардың ақынға деген сүйіспеншілігін арттыру.
2. Сәкен өлеңдерін талдай отырып, оқушы білімін жинақтау, қорытындылау.
3. Ақынның шығармалары арқылы оқушыларды адамгершілік қасиеттерге баулу.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиет апталығы өз жалғасын табуда.

19.01.2024ж. күні қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Бултакова Гульнур

Аширбаевна

Мектептің 7 а, ә, б, в сыныптары бойынша қазақ тілі пәнінен жылдық жоспарға сәйкес "Ғаламтор және әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны"(пікірталас) тақырыбында дебат болып өтті.

Қорытындылай келе 7а сыныбының қатысушылары К.Сырлыбай, Ұ.Сулаймановалар "Үздік қатысушы" марапатына ие болды.

Мақсаты: оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау, пәнге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ізеттілікке, техника қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.

№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптар бойынша ДТЖО Ж.Лесбаева 3-4 сыныптар аралығында, қазақ халқы сөз қадірін біліп қасиетті сөздерді ауызынан тастамай, қастерлеп келе жатқан халық екенін түсіндіре отырып, оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын дамыту және ойлау қабілетін дамыту мақсатында "1001 мақал, 101 жұмбақ"сайысы өткізді. Сайысқа қатысқан оқушылар 1,2,3 орын және белсене қатысқандары үшін марапатталды.



√25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде, бастауыш сыныптар аралығында "Еңбегі адал жасөрен" аясында "Қалдықтарды табысқа айналдырайық" атты жобасын ДТЖО Ж. Лесбаева, кәсіптік бағдар мұғалімі А. Молдатәліп болып 26 оқушыға ашық сабақ өткізді. Сабақты оқушылар бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлап, жақсы қасиеттерін айту арқылы сергіту сәтін өткізді. Оқушылар қызыл, жасыл түстерді таңдап 2 тоқпа бөлініп, кішігірім мінездеме айтылды. Тақырып бойынша жалпы мәтін айтылды, оқушылар не түсінгенін мұғалімдерге айтты. Содан кейін қолдарындағы түрлі-түсті қағаз, қаламдармен, пластилин, қайшы, кілеймен қолдан келгенше қолөнер жасады. Жалпы мақсаты:

- 1) Табиғаттың тозуы-экологиялық дағдарыс екенін түсіндіру.
- 2) Экологиялық тәрбие беру.
- 3) Тұған ел, тұған жерге деген сүйіспеншілігін ояту.
- 4) Өлкеміздің экологиялық жағдайын білу үшін ізденуге баулу болып табылады.

"С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта мектебінде «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың, бопсалаудың, әлімжеттіктің алдын алу» тақырыбында ұлдар жиналысын мектебіміздің ДТЖО Н.Илесов өткізді. Жиналысқа 9-11 сыныптың ұл балалары қатысты. Бұл іс-шараның мақсаты мектеп ішінде және де мектептен тыс жерлерде әлімжеттікке жол бермеу және оның алдын алу шаралары туралы болды. Сондай-ақ білім алушыларға мектеп формасын, жол ережесін сақтау, зиянды заттардан аулақ болу, бөтеннің мүлкіне қол сұқпау, қылмыс пен құқық бұзушылық фактілерінің түбі, заң аясында жауапкершілікке тартылатындығы туралы мәліметтер кеңірек айтылып өтілді. Балалар өз ойларын ортаға салып алдағы уақытта мектебімізде қандай іс шараларды өткізетіндіктері туралыда өз ойларын қосып тың идеяларыменде бөлісіп өтті.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиет апталығы өз жалғасын табуда. 18.01.2024ж. күні қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Беккулова Феруза апайымыз 10 "А" сыныбына "Сөз мерген" интеллектуалды сайыс сабағын өтті. Мақсаты: Оқушылардың алған білімдерін тексере отырып, ақыл - ой өрісін жан - жақты дамыту. Оқушылардың ана тілін сүйеге, бабалардан қалған ұлағатты ғибрат сөздерді түсіндіріп, содан үлгі - өнеге алуға баулу. Оқушылардың әрбір пән бойынша алған білімдерін тиянақтау, шапшаңдыққа жинақтылыққа тәрбиелеу, ақыл – ойын дамыту.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы
жалпы орта білім беретін мектебінің
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
22.01.2024ж. күні жастар арасында, құқық
бұзушылықтың, тәуелділіктің, теріс діни
ағымдардың алдын-алу бойынша аудан
көлемінде құрылған
ақпараттық-насихаттық топтардың Келес
аудандық әкімі мен Келес аудандық білім
бөлімінің бірлескен жоспары, кестесіне сай
9-10-11 сынып оқушыларымен
құқықбұзушылықтың,теріс діни
ағымдардың алдын-алу бойынша
ақпараттық түсіндірме жұмыстары
жүргізілді.Жиналысқа аудан прокуратура
қызметкері, аудандық мәслихат
депутаттары, аудандық АПБ қызметкерлері,
аудандық,ауылдық мешіттің діни
қызметкері ,мектеп ата-аналар комитетінің
төрағасы,білім бөлімінің қызметкері,ауыл
биі қатысты.Аталмыш жиында заман
талабына сай, ұлттық сана сезімі жоғары,
рухани ойлау деңгейі биік, ұлттық
құндылықтарды бойына жинақтаған,
адамгершілігі мол,бейнетқор, білімді ұрпақ
тәрбиелеу ең бірінші отбасы,екінші
мектеп,қоғам екендігіне тоқталып
өтті.Мектептегі оқушының
міндеті,салауатты өмір салты, білімі,
имандылық т.б. тақырыптарда ора



Мектептің білім беруімен қатар атқаратын қызметтерінің бірі – кәсіптік бағдар беру. Оның мәні – мектеп оқушыларының болашақ мамандығын таңдау мүмкіндігін беру. Кәсіптік бағдар беру процесінде балалар педагогтардың қолдауымен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, оның мақсаты жалпы дамыту және мамандықтармен неғұрлым толық танысу. Бұл жұмыс оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бүкіл оқу үдерісінде жүзеге асырылады.

Мектептің орта сыныптарында кәсіптік бағдар беру іскерлік, психологиялық және кәсіптік бағдар беру ойындары түрінде жүзеге асырылады. Бұл әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерін тереңірек түсінуді қалыптастырады. Бұл жас санатындағы оқушыларға кәсіптік бағдар беру барысында бар мамандықтар туралы негізгі білімдерді игереді, олардың қызығушылықтары мен даму болашағын түсінеді. 9 "А,Ә,Б" сыныптар арасында Кәсіптік бағдар беруші Молдатәліп Әйгерім «Профи TIME мамандықтар әлемінде» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Мақсаты: "Мамандық" құндылығы туралы түсінікті қалыптастыру; Мамандық таңдау нәтижесіндегі еңбек



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2 “Г” сыныбында “Баланың басты ұзтазы ата-ана” атты ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналыстың мақсаты:

Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөлін атқарушы отбасы. Саналы тәрбие, сапалы білім беруде салауатты ұрпақ қалыптастыруда мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігін қалыптастыру.

Міндеті:

Ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Жиналысқа қатысқандар:

2“Г” сынып жетекшісі: Урисбаева Райхан Карсакбаевна.

ДТЖО:Лесбаева Жадыра

Педагог-психолог:Қожасова Динара

Кітапханашы: Турысбекова Гулмира апайлар қатысты.

Жиналыс кезінде:

Ата-аналарға әр түрлі сұрақ-жауаптар, ойындар ойнатып, қызықты тренингтер жүргізілді.


Қазақстан Республикасының сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс -қимыл агенттігінің
Түркістан облысы бойынша
департаментінің 2024 жыл, 24 қаңтар күнгі
№81 хатына сәйкес аудан аумағында
2024жыл, 31 қаңтар күні сағат 11:00де №25
С.Сейфуллин атындағы жоббм-нің 7-11
сынып оқушылары арасында "Мен үлгі
тұтатын адал адам" тақырыбында, жалпы
322 оқушы бірыңғай эссе жазды. Бірыңғай
сағатты өткізудің мақсаты -адалдық
негізінде өскелең ұрпағымыздың өзіндік
бағдарын анықтауына жол көрсететін
тәлім-тәрбие беру.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасын кешенді іске асыру мақсатында "Балалар кітапханасы" жобасын іске асыру шеңберінде. МАД тобы оқушыларымен іс - шара ұйымдастырылып, "Мақал- сөздің азығы, жұмбақ- ойдың қазығы" тақырыбында мектеп кітапханасына саяхат жасап, кітап көрмесімен, бірнеше ертегілерімен, балаларға арналған кітаптарымен таныстырылды. Оқушылар өздері жаттап келген мақал - мәтелдерімен, жаңылтпаштарын айтып жарысты.



№25 Сәкен Сейфуллин жалпы орта мектебінің бастауыш сынып жаратылыстану мен дүниетану онкүндігінде өткізілген іс -шаралар көрінісінен үзінді.



№25 "Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
02.02.2024ж.күні мектебіміздің 9 -11 сынып оқушылары «ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы барысында «Көңілді үзіліс-көңілді оқушы» ұранымен мектеп оқушылары бір - біріне достық қарым-қатынастарын білдірді.

Мақсаты:

- 1.Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту.
2. Оқушыларды өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.
- 3.Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

[#dosbollike](#)



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

05.02.2024ж.күні мектебіміздің "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарға сәйкес 5 -11 сыныптар бойынша "Мақал - сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары болып өтті.

Мақсаты:

- 1.Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал - мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру.
- 2.Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде
06.02.2024ж.күні

"Интернет алаяқтарынан сақ болыңыз!"
атты тақырыбында аудандық полиция
өкілдерінің ұйымдастыруымен мектеп
директорының қатысуымен мектебіміздің
мұғалімдерімен 10-11 сынып оқушыларына
қазіргі таңда алаяқтық індеті өршіп бара
жатқандықтан, алаяқтықтың алдын алу
бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Мақсаты: мектеп оқушыларына
алаяқтықтан сақтану жолдарын кеңінен
насихаттау.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
06.02.2024ж. күні Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес мектептің бастауыш сыныптар бойынша тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Лесбаеваның ұйымдастыруымен 2-4 сыныптар аралығында "Дос болайық бәріміз" атты тақырыбында сынып сағаттары мен сурет салу іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: оқушыларды мейірімді, адал болуға, адамгершілікке тәрбиелеу, қатыгездікпен аулақ болу.



№25 "С. Сейфуллин" атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінде
06.02.2024ж. күні Келес ауданының білім
бөлімінің 08.02.2024 жылғы №128
бұйрығына сәйкес мектептің педагог
ұйымдастырушысы Г.Бултакованың,
мектептің педагог психологы
Ж.Халикованың ұйымдастыруымен 7-ші
сыныптар аралығында "Адал дос" атты
тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты:

1. "Дос", "Достық" құндылығы туралы түсінік беру.
2. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Балалардың ауыз екі сөйлеу тілін, көру, есту, есте сақтау, ойлану қабілеттерін жан-жақты дамыту.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
08.02.2024ж. күні Астана уақытымен
12:55-те бүкіл Қазақстан бойынша
"Баршаның назарына!" дабылы қағылуына
байланысты "Су тасқыны кезеңі
жағдайларындағы төтенше жағдайларды
жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық
қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару
органдарын, күштері мен құралдарын
дайындау" тақырыбы бойынша
"Көктем-2024" республикалық
командалық-штабтық оқу-жаттығуы
өткізілді. Оқу-жаттығу барысында ұжымға
және оқушыларға түсіндірме ақпараттық
жұмыстары жүргізілді



Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес "ДосболLIKE" достық қолын ұсын" акциясын өткізу барысында мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен ұйымдастырылып, №23 "1 Мамыр" жалпы орта мектебіне челлендж жолдады. Челлендж әрі қарай да өз жалғасын табады. Челленджді ұйымдастырушылар: ДТЖО Н.Илесов, мектебіміздің педагог ұйымдастырушысы Г.Бултакова, аға тәлімгері М.Сулеева.



Келес ауданының білім бөлімінің
01.02.2024жылғы №128бұйрығына
сәйкес№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы
орта білім беретін мектебінде "ДосболLIKE"
достық қолын ұсын"акциясы аясында
қазақ тілі мен орыс тілі пәні мұғалімдері А.
Көкетаева, Р. Туктибаева апайлар
8-9сыныптарға қазақ және орыс тілдерінде
"Дос деген кім?" тақырыбында эссе
жаздырды.

Мақсаты: оқушылардың позитивті
қарым-қатынастары мен эмоционалды
әл-ауқатын дамыту,"Дос " деген сөзді
кеңінен түсіндіру.




№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес

"ДосболLIKE" достық қолын ұсын" акциясын өткізу барысында мектебіміздің 9-шы сыныптар арасында "Достың да досы бар" тақырыбында дебат сайысы болып өтті. Сайыс барысында 9"Ә" сынып оқушысы Мүтәл Аяулым, 9"В" сынып оқушысы Үшкемпір Айдана "Ең үздік тапқыр" номинациясына ие болды.

Мақсаты: достық туралы терең түсінік бере отырып, адал достыққа, шынайылыққа баулу. Достық, сыйластық туралы пікірлесе отырып, оқушылар арасында достық сезім қалыптастыру.

Дебатты ұйымдастырушылар: ДТЖО Н.Илесов, мектебіміздің педагог ұйымдастырушысы Г.Бултакова, аға тәлімгері М.Сулеева.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес

"ДосболLIKE"достық қолын ұсын" акциясын өткізу барысында мектебіміздің 8"Ә"сынып оқушылары, жетекшісі Абдримова Махира апайымыздың ұйымдастыруымен "Менің досым!" атты тақырыбында бейнеролик түсірілді.

Мақсаты:баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Қоршаған ортада, достарының арасында, мәдени орындарда, үйде өзін ұстауды, өзара сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсетуге, бір-бірін қолдауға, қамқорлық жасауға баулу. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес

"ДосболLIKE" достық қолын ұсын" акциясын өткізу барысында мектебіміздің 5"Ә" сынып оқушылары, жетекшісі Райева Куралай апайымыздың ұйымдастыруымен "Жүректен жүрекке" тақырыбында видеоролик түсірілді.

Мақсаты:

1. Қоршаған ортада, достарының арасында, мәдени орындарда, өзара сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсетуге, бір-бірін қолдауға, қамқорлық жасауға баулу.
2. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Келес ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №128 бұйрығына сәйкес

"ДосболLIKE" достық қолын ұсын" акциясын өткізу барысында мектебіміздің 5"Ә" сынып оқушылары, жетекшісі Райева Куралай апайымыздың ұйымдастыруымен "Жүректен жүрекке" тақырыбында видеоролик түсірілді.

Мақсаты:

1. Қоршаған ортада, достарының арасында, мәдени орындарда, өзара сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсетуге, бір-бірін қолдауға, қамқорлық жасауға баулу.
2. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақстында "ДосболLiKe" достық қолын ұсын акциясына сәйкес 6-сыныптар арасында денешынықтыру пәні мұғалімдері А. Аширкулов, Н. Тәженов ағайлар "Көңілді эстафета" ойынын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды ортақ мақсатқа жұмыла білуге, ұйымшылдыққа баулу. Бос уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ

23.02.2024ж.күні мектебіміздің жылдық жоспарына сәйкес 8 -10 сыныптар аралықта ұл балдар арасында "Жігіт сұлтаны - 2024" атты тақырыбында байқау болып өтті. Байқау барысында бас жүлде иегері 8 а сынып оқушысы Тұрсынмұратов Аллаберген, І-ші орынға 10 ә сынып оқушысы Идирис Диас, ІІ-ші орынға 8 б сынып оқушысы Сыдығалы Дидар, ІІІ-ші орынға 8 ә сынып оқушысы Рахымбай Бөрібай оқушыларымыз ие болды.

Мақсаты:


- 1.Ер балалардың бойындағы жақсы қасиеттерді, өнерді, білімді сыртқа шығару.
- 2.Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен өнерін көрсету,тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.



"СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ" өткізілді

Түркістан облысы, Келес ауданының білім бөлімінің 21.02.2024ж. №49 санды хатын негізге ала отырып, Түркістан облысы білім басқармасының 2024 жылғы 21 ақпандағы №25/1016 санда хатына сәйкес, ҚР Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында 23 ақпан күні №25"С. Сейфуллин атындағы" жалпы орта білім беретін мектебінде "Сейсмикалық жаттығу" өткізу іс-шаралары түзіліп, бекітілді.

"Сейсмикалық жаттығу" барысында қызметкерлер мен оқушылар жер сілкінісі туындаған сәттегі іс-қимылдарға дағдыланды.



№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2 "В" сыныбында 23.02.2024ж күні "Баланың басты ұстазы ата-ана" атты ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың басты мақсаты мектеп пен ата -ана байланысын нығайту , баланың тәрбиесі мен біліміндегі кемшіліктердің орнын айқындау. Балаға жан-жақты қолдау көрсету, жеке тұлға болып қалыптасуына дұрыс бағдар беру. Жиналысқа келген ата -аналар әртүрлі тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап беріп , белсене қатысты. Сынып жетекшісі : Утелова Жадра



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде көркем еңбек пәні мұғалімі Момынов Тастан ағайдың жетекшілігімен «Біз қамқоршы баламыз, құстарға ұя саламыз!» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты:балаларды ауылымыздағы қыстайтын құстарды танып, атай білуге үйретуді жалғастыру, құстардың қимылын, дауысын салу арқылы эмоциялық сезімдерін жетілдіру, құстарды аялауға тәрбиелеу.





1-сәуіріз

Алғыс айту күні

АЛҒЫС - БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ!

✓ Көктемнің алғашқы күні елімізде Алғыс айту күні атап өтіледі. Әрбір жүрек ризашылық пен шынайылыққа толы күнде біз ерекше бағалайтын махаббат сезімін, денсаулықты, отбасымыз бен достарымызды, жетістіктерімізді, әрқашан қолдау білдіретін ата-аналарымыз бен достарымызды, бізге шабыт беріп, тәлімгерлік ететін ұстаздарды және әр күнімізге шаттық пен қуаныш сыйлайтын, қиын сәттерде көмек қолын соза алатын жандарды ойлаймыз. Бұл күн тек алғыс айтумен ғана шектелмей, айналаңызға мейірімділік пен жанашырлық тарататын күнге айналсын. Әрқайсымыздың жүрегімізді жылытып, күш беретін алғыс тізбегінің құрылуына себепкер болайық.

№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

29.02.2024ж.күні мектептің жылдық жоспарына сәйкес денешынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 7-ші сыныптар арасында "29 ақпан - Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!" тақырыбында спорт түрлерінен сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың қорытындысы бойынша 7б сыныбы "Бас жүлде" , 7в сыныбы I-ші орын, 7а сыныбы II - ші орын, 7ә сыныбы III-ші орынға ие болды.

Мақсаты:

- 1.Спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықты арттыру.
2. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін нығайту. Ептілікке, шапшаңдыққа жаттықтыру.



№25 С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Алғыс айту" күніне орай 10-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен іс шара өткізді.

Көктемнің алғашқы күнінде оқушылар ұстаздарына, бір-біріне, алғыс айтып ең асыл тілектерін білдірді.

"Ұстаз"-рухани әлемге жетелеуші адам. Оларға сол үшін алғыс айтты. Маған өмір сүруді үйреткен, содан сабақ алып, ілгері басуды үйреткен, абыройлы болуды меңгерткен әр ұстазға алғыс деді өз лебіздерінде оқушылар.

"Алғыспенен ел көгереді, Жаңбырменен жер көгереді" дегендей елдің алғысын үлкеннің батасын алуды қазақ халқы әрдайым жоғары бағалаған.



25 С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 2 "В"сыныбының ашық сабағы.

Пәні:Қазақ тілі

Сабақтың тақырыбы:Зат есімнің жекеше және көпше түрі.

Мақсаты:Оқушыларды бағалауда,бағалау әдіс -тәсілдеріне ерекше назар аудару,қалыптастырушы бағалауды жүйелі түрде тиімді пайдалану.

Сынып жетекшісі:Утелова Жадра



№25 "С.Сейфуллин" жалпы білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде

06.02.2024ж.күні

"Интернет алаяқтарынан сақ болыңыз!"
атты тақырыбында аудандық полиция
өкілдерінің ұйымдастыруымен
мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына
қазіргі таңда алаяқтық індеті өршіп бара
жатқандықтан, алаяқтықтың алдын алу
бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Мақсаты: мектеп оқушыларына
алаяқтықтан сақтану жолдарын кеңінен
насихаттау.





Келес ауданының білім бөліміне қарасты №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және аутодеструктивті мінез-құлықтын алдын алу жөнінде ІІБ-мен бірлескен жұмыс жоспарға және терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл шаралары бойынша жұмыс жоспарына сәйкес 23.02.2024 жылы мектептің оқушылары мектеп инспекторы М.Сарсенов кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында жасөспірімдердің сабақтан тыс уақытта сауда орындарында, түнгі клубтарда, рұқсатсыз туылған күн кештерін жасырын ұйымдастыруларына қадағалау, құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында қатаң бақылау жұмыстары жүріп жатқандығын ескертіп және "Жасөспірімдер арасында діни экстремизмнің алдын алу" бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

№25"С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

02.03.2024ж.күні Келес ауданының білім бөлімінің 07.02.2024ж.№167 шығыс хаты негізінде Қазақстан халқы

Ассамблеясының "Қайырымдылық керуені" республикалық акциясы аясында мектебіміздің оқушылары мен ұстаздарынан "Әнші, биші

балапан!"тақырыбында Бесқұбыр ауылымыздағы мәдениет үйінде көңілді мерекелік кеші болып өтті.Мерекелік кешіміз өте жоғары деңгейде, ауқымды көлемде болып өтті. Қайырымдылық акциямызға мектебіміздің түлектері Д.Илесов, Қ.Жолдасбеков, Ж.Төребеков, Н.Дауреновтер демеуші болды.Кеш соңында мектеп директоры акцияның өтуіне ат салысқан демеушілерге, ұстаздар қауымына алғысын білдірді.

Мақсаты:қоғамда, өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту.

8 наурыз - жылдың ең аяулы, жарқын және тамаша күні! Құрметті арулар, шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа толы болсын. Табиғаттың әсемдігі шабыт берсін. Көктемнің басы өмірлеріңіздегі өте қалаулы және әдемі оқиғаның бастамасын білдірсін!

Осы бір тамаша әйелдер мерекесінде тек жағымды эмоциялар, шексіз бақыт және зор денсаулық тілегіміз келеді. Барлық ауыртпалық сіздерді айналып өтсін және арайлап атқан әрбір таң тек қуаныш әкелсін.

Көктемнің құлпырған, сұлулық пен әсемдік мерекесімен! Әр күндеріңіз күлкіге, махаббатқа, қамқорлық пен қуанышқа толы болсын. 8 наурыз мерекесі құтты болсын!

Ізгі тілекпен √25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Г. Былхиева



№25 "С.Сейфуллин" атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
14 наурыз "Көрісу күні - Амал мерекесі»
құтты болсын. «НАУРЫЗНАМА» онкүндік
тұжырымдамасына сәйкес, «14 НАУРЫЗ
Көрісу күні - Амал мерекесі » аталып өтілді.
Мектеп ұстаздарына деген жақсы
тілектерін білдіріп, көрісті.

👉 Көрісу - тек адамдардың бір-біріне
амандасып, жақсылық тілейтін қауышу
мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы
үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін
дәстүрлі көрініс. Өйткені Көрісу салты бір
күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл
бойы жалғаса беретін үрдіс.

Адамдардың бір-біріне деген ізеттілігін,
құрметін, сүйіспеншілігін, ынтымағын
арттыратын "Көрісу" мерекесі баршамызға
құтты болсын!



16.03.2024ж . Көктем келісімен жер-жаһан жаңарып, тазалық жұмыстары жүргізіліп, сенбіліктер ұйымдастырылады.

Тазалық – денсаулық кепілі. Адами қасиеттердің бірі-тазалық. Осыны берік ұстанған №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы мектеп ауласына санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, тал-терек түптерін әктеп, дәстүрге айналған сенбілікті өткізді.



Бүгін 15 наурыз қайырымдылық күні.

Сондай-ақ мейірімділік пен татулық насихатталатын күн. Қайырымдылық тек материалдық көмек көрсетуде ғана емес, рухани қолдау, көңілі жүдеу адамды жылы сөзбен жігерлендіру де маңызды. Бұл игі дәстүр қоғамда жанашырлық, мұқтажға көмек беру және жақсылық жасауға деген ұмтылысты арттырады. Демек, Наурыз мейрамы өзара көмек пен қайырымдылықтың да мерекесіне айналып келеді.

Осы орайда Наурыз мерекесі қарсаңында №25 Сакен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп ұжымының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі үйден оқытылатын оқушыларға ұжымның қолдауымен қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылып, азық-түлік, киім кешек берілді.



С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 15-наурыз күні "Қош келдің, әз - Наурыз!" тақырыбындағы он күндік бағдарламаға сәйкес 5-сыныптар арасында "Асық ату" ойынынан жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты; Ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Баланың ой-өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екендігін ұғындыру.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Наурыз мерекесіне арналған "Қош келдің, әз - Наурыз! атты мерекелік іс-шараның он күндік бағдарламасы негізінде мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының қатысуымен 15.03.2024ж.күні "Бауырсақ шашу", "Домбыра тарту" іс-шаралары ұйымдастырылды.

Мақсаты: қазақтың дәстүрлерін құрметтеу, қазақтың дастарханына сүйіспеншілік сезімін арттыру, "Ас- атасы нан" деген сөздердің мәнін ұғындыру.



С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Ұлыстың ұлы күні, әз - Наурыз!" тақырыбында 5-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.



Түркістан облысы, Келес ауданы білім бөліміне қарасты №25 "С.Сейфуллин" атындағы ЖОББМ

№26 "Келес" жалпы орта мектебіне челлендж жолдаймыз.

Қазақтың ұлттық киімдері өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерімен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Қазақы киімнің барша сәнділігі оның ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Ерте замандардан бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қазақ қолөнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан ұлттық киімдеріміз жетерлік.

Сондықтан, дәстүрімізге сай, атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық киімдерді ұлықтау мақсатында өткізілген «Ұлттық киім» күнінің маңызы зор.



С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 19-шы наурыз күні "Ынтымағы жарасқан Қазақстан" тақырыбында мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мерекеге дайындап келген ұлттық тағамымыз Наурыз көжесін мектебіміздің ұстаздарына, келген қонақтарға тарту етіп, онлайн құттықтауларын ұйымдастырды.



IV-20.03.2024ж. "Қош келдің, өз - Наурыз! атты мерекелік іс-шараның он күндік бағдарламасы негізінде 20.03.2024ж. күні мектебіміздің 8-ші сыныптар арасында "Ұлттық спортты ұлықтау" тақырыбында ұлттық спорт түрінен жарыс ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылар денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.



+5

"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Наурыз мерекесіне арналған он күндік бағдарламасы негізінде 20.03.2024ж. күні мектебіміздің 1-11 сыныптар арасында "Қош келдің, әз-Наурыз!" тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: "Наурыз" мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Наурыз мейрамы - бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн.



Келес ауданы білім бөліміне қарасты №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасында кезекті оқу сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты:

✨ Қазақ халқының шығармасы, халық мұрасы ертегінің мәні мен маңызын балалардың санасына жеткізу, қиялын, сөздік қорын дамыту, ертегілерді оқуға деген қызығушылығын арттыру.

✨ Ертегілер арқылы балалар адамгершілікті, мейірімділікті және адалдықты, еңбексүйгіштікті бойларына сіңіре білді.



"№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 08.04.2024ж. күні «Бала қауіпсіздігі – қоғамның басты міндеті» тақырыбында ДТЖО Н.Илесов жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында оқушылардың түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуынсыз көшеде, ойынханаларда жүрмеуі туралы, балалардың сабаққа қатысуы, мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуы, мектеп формасын қатаң сақтау сонымен қатар қазіргі таңда жол-көлік оқиғаларының көптеп орын алып жатқандығын ескерте келе, оқушыларға жолда жүру ережелерін қатаң сақтап, жол жиегінде жүргенде, жол қиылысынан өту кезінде, өзіне де өзге оқушыларға да абай болып, машина артынан жүгірмеу, оған жармаспау, т.б. қауіп тудыратын әрекеттерге бармау туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.




Түркістан облысы Келес ауданы Бесқұбыр ауылындағы №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мекемесі КММ "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы аясында тазалық пен тал егу, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Акцияға 20 ға жуық мұғалім мен кіші қызметкерлер қатысты. Мектеп ауласына ағаш көшеттері, гүлдер егілді. Акцияның мақсаты: экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.



"Келес ауданы" №25С.Сейфуллин
мектебінде Біртұтас тәрбие бағдарламасы
негізіне сай және мектепішілік жоспарына
сәйкес оқушыларға ғарыш әлемі жайлы
және 12-сәуір"Ғарыш әлеміне саяхат
"тақырыбында қабырға газеттері
ілінді,"Ғарышкерлер күні" туралы оқушылар
толыққанды мәлімет алды.

Мақсаты: Қазақ еліндегі тұңғыш
ғарышкерлер туралы мәлімет беру.



Келес ауданы білім бөліміне қарасты №25 С.Сефуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен қазақтың біртуар азаматы, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Ұлтының ұлы жанашыры» атты әдеби портрет кеші өткізілді. Шараға мектептің 7«б» сынып оқушылары мен оқытушылары қатысты. Шара барысында Мүтал Құттыбек, Әбдіғапбар Аяжан, Сүттібай Жансая, Бақыт Диана, Әбдіғани Асылы ақынның өмірбаянын, «Көкшетау», «Оқжетпес», «Тау ішінде», «Ақсақ киік», «Ауыл байғұс мінекей» атты поэмаларымен өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Кітапхана қорындағы кітаптармен кеңінен таныстырылып, библиографиялық шолу жасалынды.



ТазаҚазақстан акциясы.

Түркістан облысы Келес ауданы

№25 Сакен Сейфуллин атындағы жобб
мектеп

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы
Экологиялық шара әр апта сайын белгілі
бір тақырып аясында өтеді. Мәселен,
бірінші апта .

«Таза өлке» деп аталады. Ал бұл апта
мектеп ұжымы

«Киелі мекен» деп аталатын екінші апта
мектеп аумағын абаттандыруға арналады
көшеттер отырғызылып, ағаштардың түбі
әктеледі және қоқыстан тазартылады.
Тазалық бар жерде береке бар - дегендей
туған өлкемізді таза ұстайық.



Түркістан облысы Келес ауданы білім бөліміне қарасты №25 «Сакен Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп әкімшілігі, Келес ауданы білім бөлімінің 20.04.2024ж №486 санды шығыс хатына сәйкес 2024 жылдың 20-сәуір «Таза Қазақстан. Түркістан тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы жоспарланды.

Акцияның мақсаты –экологиялық мәдениет қалыптастыру, «Адал адам-Адал еңбек –адал табыс» тұжырымдамасы негізінде отансүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлыққа деген құндылықтарын дәріптеу.

Жұмысқа жоспарға сәйкес мұғалімдер және кіші қызметкерлер атсалысты. Жалпы ұжым ат салысты.



№25С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "Сен қалай өсіп жетілесің?" және "Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?" тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Қыздарды инабаттылыққа, мәдениеттілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

